



201__ ЖЫЛҒЫ _____

Астана, Үкімет Үйі

«__» _____ 201__
г.

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(К.И. Мұсырман,
З.Ж. Аманжолова,
Н.С. Сабильянов)

2019 жылғы 3 қазандағы №ДС-143 хатқа

Құрметті депутаттар!

Сіздердің «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» («Серпін») жобасының (бұдан әрі – «Серпін» жобасы) іске асырылуына қатысты депутаттық сауалдарыңызды және оның одан әрі жетілдірілуі бойынша ұсыныстарыңызды қарастырып, келесіні хабарлаймыз.

Жобаға қатысушылар санын 9 жұмыс күші тапшы өңірден 4-ке дейін қысқартуға қатысты

2014 жылдан бастап «Серпін» жобасы бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі 28 мың орынды құрады (ЖОО – 23 мың, колледждер – 5 мың), оның ішінде 2019-2020 оқу жылына – жоғары білімі бар кадрларды даярлауға 5 109 грант және 750 – техникалық және кәсіптік білім алуға (бұдан әрі – ТЖКБ).

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасында (бұдан әрі – Мемлекеттік бағдарлама) «Серпін» жобасына қатысатын 9 өңір айқындалған (*Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстары*).

Қазіргі уақытта «Оралмандар мен қоныс аударушыларды қоныстандыру үшін өңірлерді айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 ақпандағы №83 қаулысына Қарағанды және Ақмола облысын қоныс аударушылар үшін 4 өңір қатарына қосу бөлігінде толықтыру енгізіліп жатыр (*Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстары*). Мемлекеттік бағдарламаға тиісті өзгерістер енгізілуде, яғни «Серпін» жобасы бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын өңірлердің саны 9-дан 6-ға дейін

қысқарады (*Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстары*).

Қоныс аударушылар отбасыларындағы мектеп бітіруші түлектерге «Серпін» жобасына бірінші кезекте қатысу құқығын беру мәселесі бойынша

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 26-бабына сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметімен анықталған өңірлерге қоныс аударатын ауыл жастары арасынан Қазақстан Республикасының азаматтары үшін қабылдау квотасы көзделеді.

Қабылдау квотасының мөлшері бекітілген мемлекеттік білім беру тапсырысының 10% құрайды (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» № 264 қаулысы*).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №58 қаулысымен бекітілген «бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелеріне сәйкес білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін өтініш беру кезінде оқуға түсушінің білім беру бағдарламалары тобын және жоғары оқу орнын, оның ішінде «Серпін» жобасы бойынша таңдауға құқығы бар.

Сонымен қатар, «Серпін» жобасына қатысушы мектеп түлектерінің болмауына байланысты квота жыл сайын орындалмауда. Мысалы, 2019-2020 оқу жылына көрсетілген квота шеңберінде 5109 грант бөлінді, тек 2 443 грант берілді.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметімен айқындаған өңірлерге қоныс аударатын ауыл жастары қатарындағы азаматтардың аталған 10% квота шеңберінде білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсқа қатысуы үшін шектеулер жоқ.

Жобаның барлық қатысушыларын жатақханамен қамтамасыз ету мәселесі бойынша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №66 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарының жатақханаларында орындарды бөлу қағидаларына сәйкес «Серпін» жобасы шеңберінде білім алушылар жатақханаларда орын бөлу кезінде басым құқыққа ие.

Олар үшін колледж жатақханаларында тұру тегін. Жоғары оқу орындарында орташа төлем ай сайын 3 000-3 500 теңгені құрайды.

2022 жылға дейін студент жастардың өмір сүру жағдайын жақсарту бойынша үшінші әлеуметтік бастаманы іске асыру шеңберінде жатақханаларда кемінде 75 000 жаңа орын енгізу жоспарлануда.

Жатақханаларға орын беру кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын болады: 2019 жылы – 5 мың орыннан кем емес, 2020 жылы – 15 мың орын, 2021 жылы –

25 мың орын, 2022 жылы - 30 мың орын. Жаңа жатақханалардың құрылысы 169 жер учаскесінде жүзеге асырылады, оның 44-ін әкімдіктер бөлген, 125-і оқу орындары мен инвесторлардың меншігіндегі жер учаскелері.

2018 жылы жергілікті бюджет есебінен 3 192 орындық 10 жатақхана пайдалануға берілді. Ағымдағы жылы жоғары оқу орындары мен кәсіпкерлердің өз қаражаты есебінен 2 217 орындық 11 нысан іске қосылды, жергілікті бюджет және демеушілік қаражат есебінен 928 орындық 8 жатақхана салынауда.

Жалпы, Сіздер белгілеген мәселелер бойынша жұмыс жалғасуда және Үкіметтің тұрақты бақылауында болады.

Б. Сапарбаев